	Шымкент университети	
	Сапа менеджмент жүйесі Шымкент университеті білім алушыларының қауіпсіздік саясаты	беті. 1 из 9

БЕКІТЕМІН
 Шымкент университетінің
 ректоры, п.ғ.д., профессор
Н.А. Сейітқұлов
 «05» 01 2026 ж.








САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІК


САЯСАТЫ

СМЖ ШУ УС 01-63-2026

қызметі	қолы	А.Ж.Т.
Келісілді:		
Академиялық мәселелер және стратегиялық даму жөніндегі проректор		Керімбекова А.А.
Стратегиялық даму және ішкі сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы		Айдарова А.А.
Заң қызметінің басшысы		Асилханов Н.С.

қызметі	қолы	А.Ж.Т.
Әзірлегендер:		
Әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректор		Оспанова Г.Қ.
Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы		Джанабаев Д.Ж.
Педагогикалық ғылымдар факультетінің деканы		Турабаева Л.Қ.

Құжаттың жарамдылық мерзімі: «05» 01 2026ж. «05» 01 2029ж. дейін ұзартылды: «__» _____ 20__г.	Енгізілді: №03/1 ж.б. бұйрық Енгізілген күні: «05» 01 2026ж.	СМЖ ШУ УС 01-63-2026 Басылым Тіркеу №__ Көшірме № 1
---	---	---


	Шымкент университеті	
	Сапа менеджмент жүйесі Шымкент университеті білім алушыларының қауіпсіздік саясаты	беті. 2 из 9

Мазмұны

1. Кіріспе
2. Саясаттың мақсаттары
3. Қауіпсіздік пен тұтастық қағидаттары
4. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету стратегиялары мен шаралары
5. Білім алушылармен коммуникация және оларды қолдау

А қосымшасы Танысу парағы

Б қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы

	Шымкент университеті	
	Сапа менеджмент жүйесі Шымкент университеті білім алушыларының қауіпсіздік саясаты	беті. 3 из 9

1. Кіріспе

Шымкент университетінің білім алушыларының қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) білім алушылардың білім алуы, ғылыми-зерттеу қызметімен айналысуы және тұлғалық дамуы үшін қауіпсіз әрі қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған.

Университет әрбір білім алушының қауіпсіздік, өзара құрмет және академиялық адалдық қағидаттарына негізделген, зорлық-зомбылықтың, кемсітушіліктің, құқықтары мен бостандықтарының бұзылуының кез келген түрінен азат білім беру ортасында жан-жақты дамуына ерекше мән береді.


Осы Саясаттың негізгі қағидаттары білім алушылардың дене, психологиялық және ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ олардың денсаулығын сақтауға, әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын қолдауға бағытталған.

Университет білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуына, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетінің құрметтелуіне кепілдік беретін, сондай-ақ білім алуына, ғылыми қызметіне және жеке өміріне теріс әсер етуі мүмкін қауіп-қатерлер мен тәуекелдердің алдын алуға бағытталған қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыруды көздейді.

2. Саясаттың мақсаттары

Шымкент университетінің білім алушыларының қауіпсіздік саясатының негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- Барлық білім алушылар үшін қауіпсіз, қолайлы және инклюзивті білім беру әрі әлеуметтік ортаны қалыптастыру.
- Білім алушылардың қауіпсіздігіне төнетін қауіптердің алдын алу, оларды уақтылы анықтау және тиісті ден қою тетіктерін айқындайтын тиімді рәсімдерді енгізу.
- Білім алушылардың дене саулығын, психологиялық жай-күйін және эмоционалдық әл-ауқатын сақтауға әрі нығайтуға ықпал ету.
- Білім алушыларды зорлық-зомбылықтың, кемсітушіліктің, буллингтің (қорлаудың), қысым көрсетудің және агрессияның өзге де түрлерінен қорғауға бағытталған кешенді шараларды жүзеге асыру.
- Білім алушылардың дербес деректерінің қорғалуын және ақпараттық қауіпсіздіктің сақталуын қамтамасыз ету.

	Шымкент университеті	
	Сапа менеджмент жүйесі Шымкент университеті білім алушыларының қауіпсіздік саясаты	беті. 4 из 9

- Ауру, жарақат алу, психологиялық қиындықтар немесе төтенше жағдайлар туындаған кезде білім алушыларға жедел әрі тиімді көмек көрсетуге бағытталған тұрақты қолдау жүйесін қалыптастыру.

3. Қауіпсіздік пен тұтастық қағидаттары

3.1. Кешенді қауіпсіздікті қамтамасыз ету

- Білім алушылардың қауіпсіздігі университеттегі олардың өмірі мен қызметінің барлық бағыттарын қамтиды. Оған дене қауіпсіздігі, психологиялық, әлеуметтік және ақпараттық қауіпсіздік жатады.

- Білім алушылар оқу корпусарында, студенттер үйінде, университет аумағында, сондай-ақ оқу ресурстарын пайдалану және цифрлық коммуникация барысында интернет кеңістігінде өздерін қауіпсіз сезінуі тиіс.

3.2. Психологиялық қолдау және әл-ауқат

- Университет білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға және нығайтуға ықпал ететін, психоэмоционалдық мәселелерді ашық талқылауға мүмкіндік беретін қолайлы орта қалыптастырады, сондай-ақ психикалық денсаулыққа қатысты кемсітушілік пен теріс көзқарастың алдын алу шараларын жүзеге асырады.

3.3. Зорлық-зомбылық пен кемсітушілікке қарсы іс-қимыл


- Университетте білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер немесе үшінші тұлғалар тарапынан жасалатын зорлық-зомбылықтың, буллингтің (қорлаудың), кемсітушіліктің, қудалаудың және агрессияның кез келген түріне жол берілмейді.

3.4. Ашықтық және есептілік

- Университет білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінде ашықтық қағидатын ұстанады және қауіпсіздікке байланысты барлық оқиғалар бойынша есептілікті қамтамасыз етеді. Қажет болған жағдайда немесе сұраныс бойынша білім алушыларға және олардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) тиісті ақпарат пен есептер ұсынылады.

3.5. Дағдарыстық жағдайларға дайындық және орнықтылық

- Университет табиғи апаттар, өрт, террористік қауіп-қатерлер, жаппай тәртіпсіздіктер және өзге де төтенше жағдайлар кезінде білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған алдын алу, әрекет ету және қорғау жоспарларын әзірлеп, тұрақты түрде жетілдіріп отырады.

	Шымкент университети	
	Сапа менеджмент жүйесі Шымкент университети білім алушыларының қауіпсіздік саясаты	беті. 5 из 9

4. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету стратегиялары мен шаралары

4.1. Университет аумағы мен инфрақұрылымының қауіпсіздігін қамтамасыз ету


- Университет оқу корпустары мен студенттер үйлерінің тәулік бойы күзетілуін, сондай-ақ университет аумағының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.
- Оқу және тұрғын үй ғимараттарына рұқсатсыз кірудің алдын алу мақсатында университет аумағында тұрақты патрульдеу жүргізіледі, бейнебақылау жүйелері мен қолжетімділікті бақылау құралдары пайдаланылады.
- Оқу ғимараттары мен студенттер үйлерінің қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне жүйелі түрде тексеру жүргізіліп, өрт қауіпсіздігі жүйелерімен, жеткілікті жарықтандырумен және эвакуациялық шығу жолдарымен қамтамасыз етіледі.

4.2. Буллингтің және кемсітушіліктің алдын алу

- Білім алушылар арасында зорлық-зомбылықтың, буллингтің (қорлаудың), кемсітушіліктің және өзге де құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алуға бағытталған бағдарламалар әзірленіп, жүйелі түрде іске асырылады.
- Білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамы үшін оқыту семинарлары, тренингтер және ақпараттық-ағартушылық іс-шаралар ұйымдастырылады.
- Буллингтің немесе кемсітушіліктің құрбаны болған білім алушылар үшін құпиялылықтың сақталуына және олардың құқықтарының қорғалуына кепілдік беретін анонимді өтініш беру арналары қамтамасыз етіледі.

4.3. Психологиялық қолдау көрсету

- Университет білім алушыларға психологиялық қолдау қызметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Бұл қызметтерге жеке психологиялық кеңес беру, топтық тренингтер, психологиялық дамыту бағдарламалары және дағдарыстық жағдайда көрсетілетін психологиялық көмек кіреді.
- Стреске, депрессиялық жай-күйге немесе өзге де психоэмоционалдық қиындықтарға тап болған білім алушылар үшін арнайы қолдау бағдарламалары ұйымдастырылады.
- Білім алушылардың психологиялық саулығын нығайту мақсатында өзара қолдау топтарын құруға және психоэмоционалдық әл-ауқатты арттыруға бағытталған іс-шараларды өткізуге қолайлы жағдай жасалады.

	Шымкент университеті	
	Сапа менеджмент жүйесі Шымкент университеті білім алушыларының қауіпсіздік саясаты	беті. 6 из 9

4.4. Дербес деректерді қорғау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

- Университет білім алушылардың дербес деректерінің қорғалуын Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес қамтамасыз етеді.
- Оқу ақпаратымен алмасуға арналған барлық ақпараттық жүйелер мен цифрлық платформалар ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес жұмыс істейді, үшінші тұлғалардың рұқсатсыз қол жеткізуінен қорғалады және деректердің таралып кетуінің алдын алатын қорғау тетіктерімен қамтамасыз етіледі.
- Білім алушыларға ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі қағидаттары, оның ішінде дербес деректерді қорғау және киберқауіптердің алдын алу мәселелері бойынша оқыту жұмыстары жүргізіледі.


4.5. Жедел көмек көрсету және дағдарыстық жағдайларды басқару

- Университет табиғи апаттар, жаппай тәртіпсіздіктер, білім алушылардың жарақат алуы, денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлар және өзге де төтенше оқиғалар кезінде әрекет ету жөніндегі жоспарларды әзірлеп, оларды тұрақты түрде жетілдіріп отырады.
- Білім алушыларға қауіпсіздік қызметінің, медициналық пункттің, психологиялық қолдау қызметінің және басқа да жедел көмек көрсететін құрылымдардың байланыс деректері мен қолжетімді қызметтері туралы толық ақпарат ұсынылады.
- Университетте білім алушылар мен қызметкерлердің төтенше жағдайлар кезінде дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыру мақсатында тұрақты негізде оқу-жаттығулар мен тәжірибелік іс-шаралар өткізіледі.

5. Білім алушылармен коммуникация және оларды қолдау

5.1. Өтініш беру және ақпараттандыру арналары

- Университет білім алушылардың қауіпсіздігіне төнетін кез келген қауіп-қатерлер, оқыс оқиғалар немесе өзге де мәселелер туралы хабарлауына мүмкіндік беретін тиімді байланыс арналарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Мұндай арналарға сенім телефоны, электрондық пошта, сондай-ақ деканаттар мен қауіпсіздік қызметіне тікелей жүгіну мүмкіндігі жатады.
- Білім алушылардың қауіпсіздік талаптары, қауіптің алдын алу шаралары және қолжетімді қорғау тетіктері туралы хабардарлығын арттыру мақсатында тұрақты түрде ақпараттық хабарламалар таратылып, түсіндіру және ағартушылық іс-шаралар ұйымдастырылады.

	Шымкент университеті	
	Сапа менеджмент жүйесі Шымкент университеті білім алушыларының қауіпсіздік саясаты	беті. 7 из 9

5.2. Білім алушыларды қауіпсіздік мәселелері бойынша оқыту

- Университет білім алушылар үшін жеке қауіпсіздік негіздері, төтенше жағдайларда әрекет ету тәртібі және психологиялық қолдау көрсету мәселелері бойынша міндетті оқу курстары мен практикалық тренингтер ұйымдастырады.
- Білім беру процесіне қауіпсіздік мәселелері жүйелі түрде енгізіледі. Атап айтқанда, психология, адам құқықтары, цифрлық және интернет қауіпсіздігі мәселелері бойынша дәрістер, семинарлар және өзге де оқу іс-шаралары өткізіледі.

